

Ауданда 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2008 жылғы 05 желтоқсандағы N 40/02 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданы Әділет басқармасында 2008 жылғы 23 желтоқсанда N 8-15-95 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5 тармақшасының және 20 бабының 5 тармағы 2 тармақшасының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2009 жылға арналған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі бекітілсін.

2. Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н.И. Плотникова) :

1) қоғамдық жұмыстар өткізу үшін аудандық бюджетте 2009 жылға көзделген қаражат шегінде бекітілген тізбеге сәйкес жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа жіберуді іске асырсын ;

2) қоғамдық жұмыстарды өткізу жөнінде ұйымдармен шарт жасаған кезде әрі қарай жұмысқа орналастырылу мүмкіндігін ескерсін;

3) қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтардың еңбекақысын төменгі айлық еңбекақы есебі мен атқарған жұмыс уақытына сәйкес жұмыссыздар есепшотына қаржы аудару жолымен төлесін .

3. Осакаров ауданының қаржы бөлімі (С.Ж. Ыдырысов) қоғамдық жұмысқа тартылған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу ақшалай қаражатты уақытылы бөлуді қамтамасыз етсін .

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Нүркен Сәйфиддинұлы Көбжановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

О. Қаппасов

Аудан

әкімдігінің

2008

жылғы

5

желтоқсандағы

N 40/02 қаулысына қосымша

2009 жылы жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыратын ауданның ұйымдары мен мекемелерінің және қоғамдық жұмыстың түрлері мен көлемінің тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2009.03.26 N 09/11 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

N	Ұйымдар және мекемелердің атауы	Адам саны	Жұмыстар және қызмет түрлері	ҚЖ қатысу мерзімі (ай)	Жұмыс көлемі
1	Кенттер мен селолық округ әкімдерінің аппараттары	287	Тұрғындар үйлерін аралау, кенттер мен селолық округтердің әлеуметтік картасын құруға қатысу, статистикалық тексеру;	1-6	9325 аула
			ТҮКШ-ның аумақтар мен елді мекендер және бейіт маңайын жинауды ұйымдастыру жұмысына көмек көрсету;	0,5-1	
			құрылыс және жол жөндеу су коммуникациясын орнату. мелиорация жұмысын жүргізу;	1-3	200 шақырым
			тұрғын үй құрылысына және күрделі жөндеу жұмысына қатысу, сондай -ақ әлеуметтік мәдени объектілер маңыздағы құрылысқа қатысу	1-3	24 объект
			Ескерткіштерді қалпына келтіру және күзету;	0,5	8 ескерткіш
			Аумақтың экологиялық сауықтырылуы ("Жасыл ел", "Ағаш отырғызу");	0,5	1500 дана
			Мәдени маңызды көпшілік шараларды, мерейтой, даталы мейрамдар өткізуді ұйымдастыруға көмек көрсету.	1	
			республикалық аумақтық қоғамдық компания өткізуге, қоғамдық пікір сауалнамасын жүргізуге көмек көрсету.	1-6	
	0,5-1	77 адам			

			Жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет және күтім көрсету.		
			"Қайырымдылық", "Құрылыс бригадалары", "Аула клубы", "Түлек", "Педагог-тәрбиеші" бағдарламаларына қатысу. Медициналық, тігін және шаштараз басқа да қызметтер (қайырымдылық асхана) көрсету жөніндегі әлеуметтік-тұрмыстық орталықтар жұмысын жалғастыру.	1-11	
			ҚР зейнетақы және әлеуметтік қамтамасыз ету туралы заңдарын түсіндіру бойынша кеңес беру нункттерін ұйымдастыруға қатысу;	1-11	22 пункт
2	Мәдени-сауық орталығы	6	Абаттандыру, көгалдандыру, орталық мәдени және демалыс паркісі аумағын жинау.	2	7 га 1407 дана
3	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі.	6	Осакаровка кентінде медициналық, тігін және шаштараз қызметтерін көрсету орталығының жұмысы.	1-11	2000 адам
		6	Мәдени маңызды көпшілік шараларды, мерейтой, даталы мейрамдар өткізуді ұйымдастыруға көмек көрсету.	2	
		8	Жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет және күтім көрсету, Қарттар үйіне қызмет көрсету.		74 адам
		2	Әлеуметтік қызмет: аулалық аралау, материалдық - тұрмыстық актісін жасау, құжаттар тігу, істер қалыптастыру.		58 тұрғын үй 58 акт 58 іс
4	Осакаров ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлім	9	Азаматтарды әскерге шақыруды ұйымдастыруға техникалық көмек көрсету (жеке істерді тігу, шақыру қағазын тарату).	3	3500 дана 8500 дана
5		18		3	

	Осакаров ауданы бойынша салық комитеті		мүлік пен көлік және жер салығының төлемі бойынша хабарламалар көшірмесін (әрбір аулаға) жазу және жеткізу,.		5000 дана 3000 дана 10000 дана
6	Прокуратура	12	2009 жылғы нарядтар мен істерді тігу, қалыптастыру, мұрағаттық құжаттар тізімдемелерін құру. Мұрағатқа тапсыру үшін істерді қалыптастыру және мұрағаттық құжаттарды өңдеу.	2	2000 дана
7	Әділет басқармасы	8	Мұрағаттық кітаптарды жартылай жаңарту, кітаптарды тігуге әзірлеу және дайындау, аулалық аралау, сұраным жөніндегі ізденіс.	3	18000 дана 4560 тұрғын үй 3000 сұрау
8	Зейнетақы және жәрдемақы төлейтін мемлекеттік орталық	4	Ағымдағы және ұзақ мерзімді сақталатын мұрағаттық зейнетақы және жеке істерін өңдеу және көшіру	3	13983 іс
9	Қарағанды облысы соттар әкімгерлерінің Осакаров аумақтық сот орындаушылар учаскесі	4	Мұрағат құжаттарын өңдеу, хабарламалар жеткізу	3	1200 іс
10	Осакаров аудандық кітапханасы	6	жеңіл жөндеу жұмысы, кітап қорын тексеруге көмек көрсету	2	800 ш.м 45000 экз.
11	Осакаровка филиалының "Жылжымайтын мүліктер орталығы" АМК Осакаров филиалы	2	Инвентарлық істерді өңдеу және таратып салу.	3	6000 дана
12	Осакаров аудан әкімінің аппараты	2	Жастардың арасында СӨС насихаттау жұмысын ұйымдастыру, Кәметке толмағандардың арасында құқықты бұзуды алдын алу "Ұстаз-тәрбиеші" бағдарламасына қатысу.	3	120 іс
					2000 дана

			Мұрағат құжаттары мен тізімдерді тігу және құрастыру, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу.		
13	Осакаров аудандық статистика бөлімі	2	Қоғамдық пікір сұрастыру, республикалық қоғамдық компанияларға көмек көрсету.	3	2012 тұрғын үй
			Мұрағат құжаттары мен тізімдерді тігу және құрастыру, 2009 жылға құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу.		2150 дана
14	Жер қатынастары бөлімі	2	Мұрағат құжаттары мен тізімдерді тігу және құрастыру, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу.	3	2000 дана
15	Ішкі істер бөлімі	57	Жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқықты бұзуды алдын алу Мұрағат құжаттары мен тізімдерді тігу және құрастыру, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу. Қоғамдық тәртіп күзеті	3	
16	Ішкі саясат бөлімі	2	Жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, Кәмелетке толмағандардың арасында құқықты бұзуды алдын алу "Ұстаз-тәрбиеші" бағдарламасына қатысу.	3	
17	ЖПБ – 46 АМК "Қазақавтодор" Қарағанды облыстық филиалы	10	Автокөлік жолдарындағы тазалауға қиын келетін орындарда қар тазалау, қолмен шөп шабу, жүретін жол бөлігінде және оның манайындағы қоқыстарды жинау.	3	